ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Биология және биотехнология факультеті

# WINDOWS 8 операциялық жүйесі.



**Орындаған: Қалдас Азамат**

# Windows-8

- Microsoft корпорациясы тұтынушыларға қолжетімді болатын Windows-8 операциялық жүйесінің соңғы нұсқасын ұсынды. Ол бүгіннен бастап, әлемнің 140 елінде сатылымға түседі. Жаңа операциялық жүйе әлемнің 37 тіліне аударылған. Microsoft компаниясы Windows-8-дің арқасында жоғарғы технология нарығындағы Apple және Google компанияларының өнімдерімен бәсекеге түспек. Соңғы нұсқа орнатылған компьютерлердегі барлық операцияларды енді саусақпен басып жасауға болады. Алдағы уақытта Microsoft компаниясы тағы да жаңа гаджеттер шығармақ. Сондай-ақ, келешекте ұялы телефон жасап шығаруды жоспарлап отыр.

1. Хабар агенттігі

- Басты беті. Негізінен бұл бет — Бастау (Пуск) болып табылады. Өзіңізге қажетті, көп қолданылатын бағдарламалардың, әуендердің, видеоклиптердің, т. б. файлдардың сілтемесін қоюға болады.

# Басты беті.



- Басты бетте мынадай қызықты, қажетті Майкрософт компаниясының бағдарламалары бар:

- 1) Карта — бүкіл жер шарының картасы, сызбасы, қала, мемлекет, көше, аудандарын, т. б. анық көруге болады. Соның ішінде ҚР, Алматы, т. б. қалалар да бар. Тіпті өзіңіздің қайда екеніңізді көруге болады.



- 2) People қызметі немесе почта жәшігі — мында өзіңіздің почта жәшіктеріңізді қосып, достарыңызбен еркін араласуға болады. Бірақ, мында тек Майкрософт аккаунттары, Фейсбук қызметтері ғана бар. ВКонтакте, Майл.ру, Nur.kz аккаунттері қосылмайтындығы өкінішті.

# Қызметтер


People
Social
All
Me
View
Notifications
What's new
Facebook
A
Азиза Айткенова
Аида Жаксылык
Аинура Кунафина
Айгерим Марато...
Айдай Кадырбае...
Айдана Намазба...
Айдана Наурызг...
Айжанка Кажыба...
Айзада Нугманова
Айзере Альмуха...
Айкаракоз Жайы...
Айым Амантай
Акерке Маманс
Акерке Оражан
Акулпа Алипов
Алия Абешова
Алуа Муратова

# *Windows 8 — жоғары деңгейдегі қауіпсіздік*

- Операциялық жүйелер жаңарумен қоса, оның ішіндегі қауіпсіздік деңгейі де өсіп келуде. Дизайн және басқада керемет қосымшалардың өзгеруі әрине тамаша, алайда біздің ақпараттарымыздың қауіпті сақталуы өте маңызды. Сол себепті Microsoft компаниясының кезекті операциялық жүйесі, Windows 8-дің қауіпсіздік жағынан қандай жаңартулар бар екенін қарастырып өтейін.

- Microsoft корпарациясының айтуы бойынша, Windows 8 операциялық жүйесінің қауіпсіздігі, алдыңғы нұсқаларына қарағанда, әлдеқайда жоғары деңгейде жасалынған. Арье Горецкий (Aryeh Goretsky), NOD32 антивируcның негізін қалаушы, Windows 8 бүгінгі таңда ең қауіпсіз ОЖ екенін айтты.

- Сонымен, Windows 8 ОЖ - де қандай жаңартулар бар? Және шынымен ең қауіпсіз ОЖ атағына ие ме (Microsoft-тың басқа ОЖ арасында)? Осыған байланысты, еңгізілген жаңартуларды біртіндеп қарастырып шығайық.

# 1. Алдын ала орнатылған Windows Defender антивирусы

- Windows қорғаушысының (Windows Defender) ең басты артықшылықтарының бірі, алдын ала, операциялқ жүйені орнатқаннан кейін, тегін қондырылады. Және басқа антивирустардан еш кемшіліг жоқ. Ең бастысы Windows defender жарнамалармен, басқа антивирусты сатып алуға және қолданушының рұқсатысыз артық әрекет жасауға тырыспайды. Осының арқасында, ақылы антивирус сатып алғысы келмейтіндер немесе сатып алуға мүмкінігі жоқ адамдар үлкен ықтималмен осы қорғаушыны қолданатын болар.


Бағдарламалар «defender» үшін нәтижелер
Windows Defender
Іздеу
Бағдарламалар
defender
Бағдарламалар 1
Параметрлер 2
Файлдар 2
Google Chrome
AccuWeather for Windows 8
Bing
Evernote Touch
Lenovo Companion
SkyDrive
Skype

## 2. Windows SmartScreen - бағдарлама орнатар кездегі қорғаныс

- SmarScreen қызметі өте оңай. Ғаламтордан жүктелген бағдарламаның тиісті сертификаты немесе ол бағдарлама жайлы ешқандай мәлімет болмаса Windows SmartScreen автоматты түрде бағдарламаның орнатуын тоқтатады, немесе администратор атымен орнатуды сұрайды. Ал ғаламторға қосылмаған жағдайда, тексерудің мүмкін емес екенін хабарлап, интернетке қосылуды сұрайды. Яғни барлық ақпарат Microsoft серверлері арқылы өтеді.



- Windows SmartScreen-ге түзетулер енгізу үшін, Іздеу бөлімінде "SmarScreen" сөзін еңгізссеңіз болды. Ашылған терезенің ішінен өзіңіздің ыңғайыңызға байланысты өзгертулер еңгізсеңіз болады.




Windows SmartScreen
Что вы хотите делать с неопознанными приложениями?
Фильтр Windows SmartScreen поможет защитить ваш компьютер. Он предупреждает о запуске неопознанных программ и файлов, загруженных из Интернета.
Запрашивать утверждение администратором перед запуском неопознанного приложения из Интернета (рекомендуется)
Предупреждать перед выполнением неопознанного приложения, но не требовать утверждения администратором
Ничего не делать (отключить Windows SmartScreen)
OK
Отмена
Некоторые сведения о файлах и приложениях, выполняемых на этом компьютере, будут отправляться в корпорацию Майкрософт.
Заявление о конфиденциальности

3. Буткиттерден қорғау

- Windows 8 тек қана руткиттерден қорғап қана қоймай, сонымен қоса буткиттерден де қорғаныс береді. Оларды тауып және жою өте қиын. Бірақта, буткиттерден қорғау жаңартылымы тек тек қана 64-разрядтық жүйелерде орнатылатын болды.

4. ELAM (Early-Launch Anti-Malware) - Вирусқа қарсы бағдарламаны алдын-ала іске қосу

- Windows 8 опреациялық жүйесінің қауіпсіздік жағынан тағы да бір жаңартылымы - вирусқа қарсы бағдарламаны алдын-ала іске қосу болып табылады. Бұл жаңартылым, антивирус бағдарлмаларының басқа бағдарламалардан бұрын іске қосылуын қамтамасыз етеді. ELAM жүйенің қауіпсіздігін алдын алуға мүмкіндік береді.

5. Кіру параметрлері

- Енді Windows 8 ОЖ қолданушылары жүйеге кірудің жаңа параметрлерін қолдана алады. Ең бірінші, қарапайым құпия сөз арқылы кірсеңіз болады. Сонымен қоса, Майкрософт аккаунтыңызды қолданатын болсаңыз, жүйеге өзіңіздің аккаунтыңыздың логині мен құпия сөзін енгізу арқылы кіре аласыз. Және төмендегі суретте көрсетілгендей, әр-түрлі суреттерді қолданып өзіңізге ыңғайлы "жесттер" қолдансаңыз болады. Графикалық құпия сөз, жүйенің қауіпсіздіген арттыра түседі. Құпия сөздің бұл түрін сенсорлы экранмен және тышқанның көмегімен қолдануға мүмкіндік береді. Ал төртінші түрі, ПИН арқылы жүйені қолдану.



# Суреттегі құпия сөзге қош келдіңіз

Суреттегі құпия сөз – сенсорлық экранды компьютерлерді қорғаудың жаңа тәсілі. Бірегей құпия сөзіңізді жасау үшін оған сурет пен қимылдарды таңдайсыз.

Суретті таңдағаннан кейін тікелей сенсорлық экранда шеңберлер, тік сызықтар мен нүктелер саласыз. Қимылдарыңыздың көлемі, орны мен бағыты суреттегі құпия сөзіңізді құрайды.

**Суретті таңдау**

**Болдырмау**



6. Windows 8-дегі Жанұялық қауіпсіздік

- Тағы да бір өте маңызды жаңартылым - Жанұялық қауіпсіздік. Қазіргі таңда интернетте ата-аналардың басты мәселесі, баласының дұрыс контентті қолдануын реттеу болып табылады. Ата-ана бақылау жүйесі Windows 8 ОЖ-де жанұялық қауіпсіздік деген атқа ие болды. Қауіпсіздіктің бұл түрі баланың қандай контент көріп жатқанын басқаруға, Windows 8 дүкеніндегі бағдарламаларға шектеу қоюға, қолдануға белгілі бір уақыт қоюға және сайттарды фильтрға қоюға мүмкіндік береді.



- Мысал ретінде, өзімнің Майкрософт аккаунтымды "балам" ретінде тіркедім.
- Жоғарыдағы суретте көрсетілгендер:
- Веб-сүзу. Балаңыздың белгіленген сайтқа кіргенін немесе кірмегенін бақылап отыратын бөлім.



- Уақыт жағынан шектеу. Бұл аккаунт арқылы отырған қолданушының қай күндері, қай уақытта отыра алатынын басқаратын бөлім.



- Windows дүкеніндегі ойындарға шектеу



- Копьютердегі бағдарламаларға шектеу қою



- Суреттерде көрсетілгендей, сіз өз балаңыздың компьютерді және интернетті дұрыс әрі тиімді қолдануын басқара аласыз. Жеке менің ойымша бұл жаңартылым өте маңызды. Себебі қазір интернетте кәмелетті жасқа толмағандарға зиянын тигізетін контент өте көп.

- Microsoft корпорациясының кезекті операциялық жүйесінің қауіпсіздігі жағынан бүгіндікке оқырмандарға айтарым осы. Байқап отырсаңыздар өзгертулер аз емес. Және бұл өзгертулер жүйені алдыңғы нұсқаларымен салыстырғанда өте қауіпсіз қылады. Ал қауіпсіздік біздің ақпараттарымыздың ешқайда жоғалып кетпейтініне немесе вирустармен өшіріліп кетпейтініне кепіл береді. Microsoft бұл жаңартулармен тоқтап қана қоймай, әрқашан жаңартып, әлсіз жерлерін дұрыстап отыратыны мәлім.

# НАЗАР АУДАРҒАНДАРЫҒЫЗҒА

